болмайды. Дегенмен баланың өзі қалаған мамандыққа баруына құқығы бар екендігін ата-аналар жиналысында түсіндіріліп өтті. **Мамандық таңдау бойынша оқушылар мен ата-аналарға арналған жадынама.**

**Қорқыныш сезімінен арылуға және өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар *қорытындысы***

***Мақсаты***: Оқушыларға қорқыныш сезімі туралы мағлұмат бере отырып, түрлі жаттығулар арқылы бойындағы қорқыныш сезімдерін жо. Өз-ара қарым-қатынастарын нығайту.

«Қорқынышыңды суретте» жаттығуы, «Бірақ» жаттығуы, «Бетперде»жаттығуы, «Жымию» жаттығуы ***Релаксация*** *арқылы жағымсыз ойлардан арылу*

1. **Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар**

Тәрбиедегі ақаулық, жазалаудың басымдылығы, балада эмоциялық тұрақсыздықтың дамуына, эмоциялық қимыл-қозғалыс деңгейінің жоғарылауына әкелетіні жиі кездеседі. Ата-аналардың тым қаталдығы, олардың өз беделдерін басты орынға қоюы немесе балаға шектен тыс қамқорлық жасау – жасөспірімдерге кері әсерін тигізеді. Көктем, күз мезгілдеріндегі, яғни «құс қайтып, құстар келер» кезеңдеріндегі табиғат құбылысы да адам ағзасына, әсіресе психикаға салмақ салып жатады. Осы тұрғыда білім алушылардың психологиялық ахуалын бақылау, психологиялық түзету жұмысының бағдарламасы әзірленді.

**Білім алушылармен жүргізілетін жұмыс барысы**

**Білім беру ұйымының бес маманы бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс жасайды:**




| **Педагог-психолог** | **Әлеуметтік педагогтың мәліметтері** | **Мектеп директорының ТІЖО немесе инспекторының мәліметтері** | **Сынып жетекшінің талдауы** | **Педагог ұйымдастырушы** |
|---|---|---|---|---|
| білім алушылардың психологиялық ахуалын қадағалау | (оқушылардың әлеуметтік және отбасылық жағдайлары) | (Мектеп директорының ТІЖО немесе тіркеуде тұрған отбасылар мен оқушылар тізімі) | (Оқушылардың әлеуметтік желілеріндегі парақшаларын талдау | Білім алушыларды түрлі шараларға тарту |

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жоспар құрылып сол жоспар негізінде төмендегідей жұмыстар атқарылды:
Диагностикалау барысында сауалнама, бақылау жұмыстары:
8 сынып оқушыларын код арқылы сауалнама жүргізілді.
**Түзете-дамыту бағытында** қорқыныш сезімінен арылуға және өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар, баланың отбасындағы қарым-қатынасы мен эмоционалдық күйін диагностикалау және түзету-дамыту жаттығулары «Отбасы суреті» әдістемесі, агрессияға қарсы жаттығлар, тұлғалық ерекшеліктерді дамыту жаттығулары, аутодеструктивті мінез-құлықтың (суицидке бейімділік) алдын алуда психокоррекциялық сабақтар:
«Пікірталас – жанжал емес»
«Ашу-ыза билегенде не істеу керек?»
«Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту»
«Мен өзімді мақтай аламын»
«Күйзелістен қалай құтылуға болады?»
«Реніштен арылу»
«Ой, сезім, мінез-құлық»
«Қалай сұрауға болады?»
«Менің құқықтарым»
«Қиын жағдайлардан не үйренеміз?»
«Толеранттылық (төзімділік) деген не?»-тақырыптарында өтілді. Ата-аналармен, оқушылармен және педагогтармен онлайн кездесулер өткізілді. Осы жұмыстар нәтижесінде, мектеп ата-аналарымен «Кәсіби бағдарлау бойынша психологиялық алдын алу және ағарту, психологиялық кеңес» тақырыбында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Жан шуағы» психологиялық орталық мамандары тренинг өткізді. Ата-аналар арасында тақырыпқа байланысты туындаған сұрақтарына жауап алды.
**Нәтижеге** байланысты ағартушылық бағытта вебинарлар ұйымдастырылып жатыр. Ата-аналармен «Бала тәрбиелеуде ата-ананың рөлі», «Мамандықты дұрыс таңдауда бала ықпалдық жасау», «Баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру» тақырыптарында семинар-тренингтер жүргізілді. Жасөспірімдермен жеке кездесулер өтті

Жүргізілген әр психокоррекциялық сабақтар барысында топтағы әрбір баланың психологиялық ахуалын сынып жетекшісі бақылап, жабырқаңқы көңіл-күйі анықталған білім алушыны педагог-психологқа сұраныс парағы бойынша хабардар етіп отырды. Осы ақпарат негізінде педагог-психолог күйзелісте жүрген балаға жеке диагностика жүргізіп, күйзеліс деңгейін анықтап коррекциялық жұмысты жалғастырып отырды. Әр жеке кеңес хаттама арқылы құжатталады. Жоғарыда көрсетілгендей кезеңмен жұмыс жүргізілді.
**Ағартушылық бағытта** «Бастауыш мектеп оқушыларының психологиялық даму ерекшеліктерінің теориялық негіздері», «Баланың мектепке баруға байланысты туындайтын қиындықтар», Адам-өміріндегі әуенді терапия (адам-өмірінде әуенді терапия туралы ақпарат беру), «Мектеп, оқушы, ата-ана: ынтымақтастық қырлары", «Бала өміріндегі жәбірлену", «Ата-ананың мектептегі алатын орны" тақырыптары бойынша дәрістер жүргізілді.

**«IT мектеп- лицей» КММ өткен «Зорлық –зомбылықсыз балалық шақ»**
**атты ата-аналар жиналысы**

**Күні:08.12.2023ж**
**Қатысты:45 ата-ана**

**Мақсаты:** Балаларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Балаларға өз жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу.

**Сабақтың әдісі:** түсіндіру, пікір алысу

Күн тәртібінде:

1. Зорлық –зомбылық дегеніміз не? Оның түрлері және себептері
2. Балаларды зорлық –зомбылықтың кез-келген түрінен қорғау
3. Практикалық бөлім. Ата-аналармен тренинг
4. Ата-аналарға кеңес.
5.

АҚБББ «IT мектеп- лицей» КММ -де «Зорлық –зомбылықсыз балалық шақ» атты 5-9 сыныптың ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыстың күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша тыңдалды: мектеп педагог-психологы Қ.Оңайбаева ата-аналарға зорлық-зомбылық туралы. Оның түрлерін (психологиялық,эмоциялық, физикалық, экономикалық) жеке дара түсіндірді. Зорлықтың шығу себептерін талқылады.

2 мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы А.Садуова өмірде, мектепте, отбасында кездесетін зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен қорғау туралы, баланың құқығы туралы айтып бейнеролік көрсетіліп ата-аналармен талқыланды.

3 мәселе де педагог-психолог Л.Бектигенова ата-аналармен «Байлаудан босатыңыз», «Балаңызды қаншалықты танисыз?» атты тренинг жүргізді. Тренинг мақсаты: баланың арман мақсаттарын жүзеге асыруда тосқауыл емес, жетелеуші тірегі болуға шақыру.

Жиналыс соңында ата-аналарға кеңестер айтылып жадынама таратылды.





## «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процесстері» әдістемесі

**Мақсаты:** оқушылардың танымдық процесстерінің деңгейін анықтау
**Мерзімі: қаңтар 2024**
**Қатысты: 499 оқушы**

| Сынып | Ойлау | | | Зейін | | | Есте сақтау | | | Қиял | | | Өзін-зі бағалау | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1А** | 12 | 3 | 6 | 1 | 6 | 14 | 4 | 8 | 9 | 14 | 7 | 0 | 15 | 5 | 1 |
| **1Ә** | 17 | 2 | 1 | 0 | 4 | 16 | 0 | 5 | 15 | 4 | 9 | 7 | 10 | 8 | 2 |
| **1Б** | 18 | 5 | 1 | 0 | 8 | 16 | 1 | 9 | 14 | 10 | 10 | 3 | 16 | 7 | 1 |
| **1В** | 17 | 5 | 2 | 1 | 4 | 19 | 0 | 3 | 21 | 10 | 13 | 1 | 16 | 6 | 2 |
| **1Г** | 12 | 6 | 4 | 0 | 5 | 17 | 0 | 4 | 18 | 11 | 8 | 3 | 12 | 10 | 0 |
| **1Ғ** | 14 | 5 | 0 | 0 | 5 | 14 | 0 | 10 | 9 | 10 | 9 | 0 | 9 | 10 | 0 |
| **1Д** | 10 | 7 | 4 | 0 | 2 | 19 | 1 | 1 | 19 | 5 | 7 | 9 | 11 | 9 | 1 |

| Сынып | зейін | | | қабылдау | | | ойлау | | | қиял | | | есте сақтау | | | бағалау | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2А** | 3 | 8 | 7 | 2 | 10 | 6 | 16 | 2 | 0 | 7 | 4 | 7 | 1 | 13 | 8 | 13 | 3 | 2 |
| **2Ә** | 2 | 5 | 15 | 3 | 6 | 13 | 15 | 2 | 5 | 10 | 4 | 8 | 1 | 10 | 0 | 17 | 2 | 3 |
| **2Б** | 4 | 6 | 12 | 3 | 7 | 12 | 9 | 4 | 9 | 2 | 9 | 11 | 0 | 3 | 19 | 18 | 1 | 1 |
| **2В** | 4 | 5 | 12 | 1 | 11 | 12 | 9 | 5 | 10 | 3 | 8 | 10 | 0 | 7 | 14 | 14 | 3 | 4 |
| **2Г** | 3 | 7 | 14 | 9 | 12 | 3 | 21 | 0 | 3 | 2 | 12 | 10 | 0 | 4 | 16 | 11 | 8 | 5 |
| **2Ғ** | 1 | 7 | 11 | 5 | 7 | 7 | 11 | 4 | 4 | 1 | 7 | 11 | 0 | 4 | 18 | 13 | 4 | 2 |
| **2Д** | 4 | 12 | 7 | 5 | 13 | 6 | 8 | 13 | 2 | 9 | 13 | 0 | 8 | 12 | 2 | 16 | 7 | 0 |

| Сынып | Қабылдау | | | Зейін | | | Есте сақтау | | | Ойлау | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **3А** | 12 | 9 | 1 | 0 | 9 | 13 | 0 | 3 | 19 | 7 | 3 | 12 |
| **3Ә** | 9 | 8 | 3 | 1 | 11 | 8 | 0 | 2 | 18 | 5 | 7 | 8 |
| **3Б** | 12 | 11 | 0 | 0 | 10 | 13 | 0 | 5 | 18 | 8 | 9 | 6 |
| **3В** | 10 | 11 | 0 | 0 | 7 | 14 | 0 | 3 | 18 | 4 | 11 | 6 |
| **3Г** | 13 | 5 | 1 | 0 | 7 | 12 | 0 | 3 | 16 | 3 | 7 | 9 |
| **3Ғ** | 6 | 15 | 5 | 8 | 8 | 9 | 2 | 5 | 18 | 7 | 10 | 9 |

| Сынып | Зейін | | | Қабылдау | | | Ойлау | | | Қиял | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **4А** | 0 | 8 | 15 | 6 | 16 | 1 | 8 | 11 | 4 | 6 | 12 | 5 |
| **4Ә** | 2 | 9 | 11 | 10 | 11 | 1 | 9 | 11 | 1 | 6 | 8 | 8 |
| **4Б** | 1 | 16 | 6 | 9 | 12 | 2 | 13 | 8 | 2 | 7 | 12 | 4 |
| **4В** | 0 | 9 | 12 | 4 | 15 | 2 | 10 | 7 | 4 | 3 | 5 | 13 |
| **4Г** | 2 | 9 | 13 | 8 | 12 | 4 | 11 | 9 | 4 | 6 | 13 | 5 |

Бастауыш сынып оқушыларының (1-4 сынып оқушылары) танымдық процесстерін анықтау әдістемесі негізінде оқушылардың есте сақтауы төмен, қабылдауы орташа, ойлауы орташа, зейіні төмен, қиялы төмен екені анықталды.

Педагог - психологтардың қаңтар айының жоспарына сай бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін диагностикалау және түзету дамыту жаттығулары жүргізілді.









**«Дүниеде жоқ жануар» проективті тестінің *қорытындысы*** (6-7сыныптар)

***Мақсаты:*** отбасындағы қалыптасқан қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтау және адамның өзін-өзі тануы.

Нұсқау: «Өмірде жоқ жануарды өмірде жоқ есімімен сал.»

**Көрсеткіштер мен интерпритация.**

Әр сыныптың салған суреттеріне сәйкес *суреттің параққа орналасуы, фигураның жоғары жағында тұрған қосымша бөлшектер,басы, аяғы, құйрықтар, сияқты белгілеріне қарап интерпритация жасалды.*

*Әр оқушы әр түрлі жануарларды салды,*

Салынған суреттер және сұрақтарға жауап беру арқылы әр сынып оқушыларының қорытындысына сәйкес отбасыдағы қарым-қатынас деңгейі жақсы деп бағаланды, және

қосымша отбасыдағы әрбір мүшесінің өзіндік орны мен сыйластық әдеби қарым-қатынас туралы кеңестер беріліп әңгімелесу жүргізілді.

Нәтижелерді өңдеу және талдау

I. Талапқа сәйкес қағаз бетіндегі сурет көлденеңінен парақтың ортасында орналасуы керек.

а) Егер сурет қағаздың жоғарғы бұрышына жақын орналасқан болса, онда ол адам кез - келген ортада өзін-өзі әрқашан **жоғары бағалайды.**

б) Сурет қағаздың төменгі бөлігінде орналасса, **өзіне сенімсіз және өзін төмен бағалайтынын көрсетеді**

| **Сынып** | **Жоғары** | **төмен** | **сынып** | **Жоғары** | **төмен** |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 А | 15 | 12 | 7 А | 14 | 12 |
| 6 Ә | 10 | 16 | 7 Ә | 17 | 8 |
| 6 Б | 11 | 12 | 7 Б | 10 | 13 |
| 6 В | 12 | 13 | 7 В | 11 | 14 |
| 6 Г | 14 | 11 | 7 Г | 13 | 12 |
| | | | 7 Ғ | 14 | 12 |

***«Кактус» графикалық әдістемесі* 7/8 сыныптар/*қорытындысы***

***Мақсаты:*** баланың эмоционалдық жағдайын анықтау, агрессияны анықтау

7-8 сынып оқушыларынан "Кактус" әдістемесі бойынша алынған психодиагностикалық жұмыстың нәтижесі: барлық сынып оқушылары өте белсенді қызығушылық танытты. Оқушылардың алдына таза ақ парақ таратылып берілді. Оқушылар өз ойларындағы кактусты салды. Зерттелуші сынып оқушыларына суретке байланысты қосымша сұрақтар қойылды. Сурет бойынша нашар психологиялық ахуалды тудыратын оқушы анықталған жоқ.

***«Бөтелкедегі қой» әдістемесі (3-4 сыныптар)/қорытындысы***

**Мақсаты:** отбасындағы эмоциялық мәселелерді анықтау

Балаға бөтелке ішіндегі қойдың суретін салу ұсынылады. Шамамен 35-40 минут уақыт беріледі. Қарандаш, түрлі-түсті қарындаштар қолдануына болады. Сурет салынып болғаннан кейін төмендегі сұрақтар қойылады.

· Қой бөтелкеге қалай түсіп кетті? Ол онда не істеп жүр?

· Қой өзін қалай сезінеді?

· Бөтелке өзін қалай сезінеді?

· Қой бөтелкеден шыққысы келе ме? Неліктен? Қалай шығар еді?

· Қой нені армандайды?

· Бөтелке нені армандайды?

· Бөтелкені не мазалайды?

Жауаптарды жазып отыру керек.

«Оның жағдайы жақсы, жайлы, жылы», «кішкене тарлау», «ол еш кедергісіз шыға алады» деген сияқты жауаптар қалыпты саналады.

«Оның жағдайы нашар, жалғызсырап, тоңып отыр, көңіл-күйі жоқ» деген жауаптар баламен жұмысты қажет етеді.

Суреттегі негізгі кейіпкерлер – қой мен бөтелке. Қой ол – баланың өзі. Қойдың суреті қаншалықты анық, түсінікті, қызықты етіп салынса, бала соншалықты өзін отбасында көңілді, жеңіл, позитивті, жағымды сезінеді және керісінше. Бөтелке – отбасы символы болып саналады. Бөтелкенің доғал, дөңгеленген формасы - ана мен бала арасындағы жақындықты білдіреді, анасының назарын аударуға, қамқорлығына, бағасына мұқтаждығын білдіреді.




Салынған суретке қандай көрсеткіштер бойынша интерпретация жасалады

Оқушылар суретті белсенді түрде қызыға отырып салды. Әр оқушы әдістемені әр түрлі деңгейде орындады. Көпшілік оқушылар ата-аналарын отбасын, жақсы көретіндерін олармен әрқашан көңілді екендігін жеткізді және қарым-қатынстары да оларға сыйластық, махаббат сезімдерінің жоғары екенін байқадық.






**«Тәуекел» топтағы балалардың жұмыстарына талдау** хаттамаларын әзірлеу

| № | Аудан, қала | Мектебі | Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны | Сауалнамаға қатыспаған оқушылар саны | Төтенше жағдайларға енген оқушылар саны, чс, суицидке бейім | Қауіп-қатер тобына енген оқушы саны | Депрессия | Үрей | Стресс | Сұхбат бойынша алынып тасталған бала саны | ВОП дәрігерге жолдама алған бала саны | ВОП дәрігерге барған бала саны | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ақтау | IT мектеп-лицей КММ | 197 | жоқ | 0 | 0 | 7 | 5 | 4 | 4 | жоқ | жоқ | жеке сұхбат жүр |

***06-16 ақпан аралығында Суицидтік мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Өмірге «Ия» деп айт!» тақырыбында психологиялық онкүндік іс-шаралары жүргізілді.*** Мектепішілік жоспар жасақталып, сол жоспарға сәйкес іс-шаралар өткізілді.

***Науқанның мақсаты:*** баланы оның денсаулығына зиян келтіретін ақпараттық насихат пен үгіттің теріс ықпалдарынан қорғау.

***Күтілетін нәтиже:*** оқушылар өмір ұғымын түсіне отырып, өмірде кездесетін жағдайларды саралап, қабылдай біледі, сонымен қатар бұқаралық ақпараттық құралдарының балаға әлеуметтік желілерден келетін зиянды ақпараттардың теріс ықпалынан қорғау мәселелерінде ынтымақтастықты дамытуға себеп болады, оқушылар өздері пайдаланып жүрген әлеуметтік және интернет желілерді пайдалануы бойынша зияны мен мүмкіндіктерін де танып біледі, жалпы өздерінде бар түсініктерін толықтыруға мүмкіндіктер алады.

Сенім жәшіктері қойылып, ата-аналар мен оқушыларға тақырыптық-ақпараттық бұрыштар орнатылды.

https://www.instagram.com/reel/C3mYl27oxeH/?igsh=MzRlODBiNWFlZA==









9 ақпан күні білім алушыларға және ата-аналарға психологиялық кеңес және шағын тренинг ұйымдастырылды.

07-8 ақпан аралығында **«Жүрек жақсылыққа ашылады»** тақырыбында 8 «Д», «Ғ», 9 «Г» оқушыларына дәрістер, пікірлесу, алдын алу жұмыстары ұйымдастырылды, сонымен қатар оқушыларға бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болу мақсатында дәліз бойында **«Тәтті ал»** немесе **«мені құшақта»** көңілді челленжі өткізілді. осы тақырып бойынша ізгі амалдар жасап жарысты.

Мектеп ұжымы мен кіші қызметкерлерге бұл шараға берсене қатыса отырып керемет көңіл-күй сыйлау мақсатында кофе мен тәтті және жылы лебіз тілек жазылған қағаздар таратылды.

https://www.instagram.com/reel/C3mZ01vIP4B/?igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Өмір тамаша! Біз өмірді таңдаймыз!» тақырыбында спорттық ойындар өткізілді. Оқушылар арасында сыныпаралық жарыстар болды. Асық ату, арқан тарту, лянга тебу сияқты қазақтың ұлттық ойындары насихатталды. Оқушылар үшін қызықты және естен кетпес ойын болды.





«Мен өмірге құштармын!» тақырыбында сурет салу шарасы ұйымдастырылып, соңында қатысқан оқушылар марапатталды.






«Өмір , сен маған қымбатсың!» тақырыбында бейнероликтер көрсетіліп, талқыланды7 «Өмір- мен үшін қымбат!» тақырыбында 9-10 сыныптарға тренингтер өткізілді.



8 сынып оқушыларына: «Көңіл-күйіңді көтеріп, қуана біл!» тақырыбында дәріс сабақ өткізілді.

Онкүндікке қорытындылай отыра, белсенді қатысқан оқушылар дипломмен марапатталды.

***Менің агашым әдістемесі ( жогары сыныптар)/нәтижесі***

***Мақсаты*** - ағаш суреті арқылы тұрмыстық зорлық-зомбылықты және эмоциялдық жәй-күйін анықтау. Оқушыларға ағаштың суретін салу және берілген сұрақтарға жауап беру тапсырмасы берілді.

*Ағаш салып болған соң, сол ағаштың өмірі туралы қысқаша жазасыздар.*

*Ол өзін қалай сезінеді, нені жақсы көреді, өмір жолы қандай?*





Жүргізілген тест нәтижесінде ешбір оқушыдан тұрмыстық зорлық-зомбылық нышаны байқалмады.

***Мектепішілік есептегі балалардың жұмыстарына талдау***

Мектепішілік есеп бойынша мектебімізде 3 оқушы тіркелген. Олар: *Умаров Ислам, Саматұлы Заңғар, Жұмажан Бексұлтан. Осы* оқушылармен психологиялық диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Оқушылардан «социометрия», «өзін-өзі бағалау», «ағаш үй адам» т/б әдістеме жұмыстары жүргізіліп талданды. Оқушыларды мектепішілік қоғамдық жұмыстарға тарта отырып, жұмыстар жүргізілді. Уақытында оқушылармен жеке және топтық тренингтер жүргізе отырып, жеке кеңестер берілді.

***Тренинг «Мамандық өмір таңдауы» \10-11 сыныптар\жаттығу жүргізу Жүргізілген сыныптар: 10-11***

***Мақсаты:*** Оқушыларға мамандық таңдау, олардың негізгі үрлері классификациялық белгілері, мамандық тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтапға деген ынта – ықыласын арттыру.

***«Мамандықты тап ойыны»***

Тренингке қатысушыларға карточкаларға, жазылған мамандықтар таратылады, ал олар сол мамандықтарды ыммен көрсетуге тырысу керек. Қалғандары мамандықты табуы керек. Хатшы. Мұғалім Кітапханашы. Бухгалтер. Банк қызметкері. Слесарь. Сатушы. Дәнекерлеуші. Суретті тест. Тренингтен алған әсерің. Қатысушыларға ақ параққа күннің, бұлттың, жаңбырдың, жасыл шөптер бейнеленген парақ таратылады. Тренингтен алған әсерін, бір- біріне тілектерін сол берілген суреттердің біреуіне жазады.

***«Әріпті мамандық»***

Әр топқа бір әріптен беріледі. Қай топ сол әріптен басталатын мамандық аттарын көп тапса, сол топ жеңіске жетеді. Сонымен қатар өздері тапқан мамандықтарының қырсырын айту керек.

1 топ: А; 2- топ: Л. 3- топ: М.



Жоғары сынып оқушыларына арналған тренинг сабақтар:
1.«ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?»;
2.«Емтихан кезінде стресстен қалай арыламыз?»;
3.«Жүйке жүйесіне түсетін күштен психологиялық арылу әдісі»;
4.«Емтихандағы өз-өзіне сенімділік»

***Мақсаты*: **жасөспірімдердің өмірінде кездесетін қиындық түрлеріне талдау жасай отырып, одан шығу жолдарын үйрету, қиындықты жеңе білу үшін, өзін - өзі реттеуін, өзін - өзі бағалау, өз - өзіне сенімділігін қалыптастыру, жүзеге асыру. Кез келген жағымсыз психологиялық жағдайға қарсы тұра білуге үйрету. Әр уақытта дұрыс, әрі ұтымды шешім қабылдауға баулу.
Білім алушылармен тақырыпқа байланысты тренинг жұмыстары жүргізілді.

- ***«Қошемет» тренинг***

Тренингке қатысушылар шеңбер құрып тұрамыз.
Тренинг қатысушы әр студент бір - біріне қошемет сөздер айтады. Әрбір айтылған қошемет сөзге қол шапалақтаймыз

***«Стреске қарсы тұру» жаттығуы***

«Аяқталмаған сөйлемдер» топтамасы:
1. Шынын айтсам, алдағы сессия жайлы ойлағанда .......
2. Шынын айтсам, сессияға дайындалған кезде .............
3. Шынын айтсам, алдағы сессия туралы менің ата-анам қобалжуын ойлағанда .......
4. Шынын айтсам, емтихандағы ойларымды жинақтай алмаған кезде.........
5. Шынын айтсам, емтихан жайлы естіген кезде .........

***Қорытынды:*** Тренинг ұнадыма? (оқушылар өз ойымен бөліседі)

***М.Люшер «Түстік таңдау тесті»/9-10-11 сыныптар/қорытындысы***

Балалардың психикалық денсаулығының эмоциялық компонентін зерттеу үшін эмоциялық күшті анықтайтын Люшер тестісі қолданылады. Люшердің түрлі-түсті тестілерінің қысқартылған "Сегіз түсті қатары" сынағы жүргізіледі.

*8-11 сынып оқушыларынан алынған Люшер әдістемесі қорытындысы*

| № | Аудан, қала | Мектебі | 8 сынып | | | 9 сынып | | | 10 сынып | | | 11 сынып | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 8 сынып бойынша жалпы оқушы саны | Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны | тәуекел тобына енген оқушы саны | 9 сынып бойынша жалпы оқушы саны | Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны | тәуекел тобына енген оқушы саны | 10сынып бойынша жалпы оқушы саны | Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны | тәуекел тобына енген оқушы саны | 11 сынып бойынша жалпы оқушы саны | Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны | тәуекел тобына енген оқушы саны |
| 1 | Актау | IT мектеп-лицей | 197 | 196 | 3 | 157 | 147 | 0 | 122 | 110 | 0 | 106 | 97 | 0 |

***Жеке тұлғаны қалыптыруда жасөспірімдерді арнайы мамандармен (гинеколог) кездесу ұйымдастыру***

***Қатысқандар:8 «Б», «В», «Г***

***Жиналыстың мақсаты*** - жас жеткіншектер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу жастардың адам тәрбиесі мен қоғам тәрбиесіне байланысты көзқарастарын дұрыс қалыптастыра отырып, болашақта ұрпақ қамын, ұлт тағдырын ойлайтын қоғамның мүшесі болуларына жағдай жасау, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында түсініктеме беру. Ұрпақ тәрбиесіне байланысты ата – бабалар ілімдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Отбасын құру мен бала тәрбиесіне байланысты жауапкершіліктерін арттыру. Жүрек тәрбиесі мен ақыл тәрбиесінің мән – мағынасын ашып көрсету. ***Осы орайда мектебімізге «Нейрон» медициналық орталығының гинегологы маманы «Федоровна Наталия*** шақырылды. жасөспірім қыздарымызға ерте жүктіліктің қауіп-қатерін, стастистикалық мәліметтер бойынша түсіндерме жұмыстарын жүргізді.



***«Діни экстремизм мен террооризмнің алдын алу» бойынша теолог маманымен кездесу ұйымдастыру***

***Мақсаты:*** оқушылардың адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу, діни көзқарасын қалыптастыру, «экстремизм», «терроизм» ұғымдарын қалыптастыру.

Қазіргі кезде қоғамымызды, адам санасын улап жатқан діни ағымдардың саны уақыт өткен сайын көбейіп барады. Олардың қаншама біз білмейтін түрлері бар. Сонымен қатар оның адам санасына, өміріне деген қаншалықта зиян келтіріп жатқанын көптеп естіп жүрміз. Міне осы діни ағымдар туралы оқушыларға мәлімет бере отырып, біздің мұсылман дінімізде оларды қолданудың, қабылдаудың зияны мен күнәсі көрсетілген. Осы адастырушы діни ағымдар туралы оқушыларға мәлімет бере мақсатында қалалық **дін істері мәселесінің теолог маманы Ержан Төлеш** шақырылды, және олардан аулақ болуын айтып өтті.



***«МЕНІҢ СЫНЫБЫМ» ӘДІСТЕМЕСІ***

**Мақсаты:** Оқушылардың мектепке, сыныпқа бейімделуінің деңгейін анықтау.
Қатысқандар: 4 «А» сынып оқушылары
Психолог: Бектигенова Л.А, Ералиева Г
Оқушылардың назарына сыныптың суреті салынған парақ көрсетіледі.

***4 «А» Қорытынды:*** оқушылардың 45%-ы сыныпқа бейімделуі жақсы, 11%-ына мұғалімнің маңыздылығы ерекше, ал көбінесе ойын позициясына жақын оқушылар 3%-ды құрайды, сынып ұжымына бейімделуінде қиындығы бар оқушы 30% ы құрайды.

***4 «Г» Қорытынды:*** оқушылардың 30%-ы сыныпқа бейімделуі жақсы, 35%-ына мұғалімнің маңыздылығы ерекше, ал көбінесе ойын позициясына жақын оқушылар 8%-ды құрайды, сынып ұжымына бейімделуінде қиындығы бар оқушы 26% ы құрайды.

**А.Басс және А.Дарки «Агрессия күйін диагностикалау» сауалнамасы**
**Мақсаты:** бала агрессиясының түрін және оның көрініс беру ерекшелігін анықтау.
Қатысқандар: 4 «А», 4 «Г» сынып оқушылары
Психологтар: Бектигенова Л.А, Ералиева Г

**Физикалық агрессия**-басқа адамға қарсы физикалық күш қолдану.
**Вербальды агрессия**-жағымсыз сезімдерді форма (айқайлау) арқылы да, ауызша жауаптардың мазмұны (қарғыс, қоқан-лоққы) арқылы білдіру.
**Жанама**-басқа адамға бағытталған немесе ешкімге бағытталмаған агрессия.

**Тітіркену**-кішкентай тітіркену өзінде кері сезімдерді көрсетуге даярлық (ашуланшақтық, дөрекілік).
**Негативизм**-мінез – құлықтағы оппозициялық күй пассивты қарсылықтан қалыптасқан заңдылықтар мен дәстүрлерге қарсы күреске дейін жеткізетін күй.
**Реніш**-қоршаған адамдарға деген нақтылы және ойдан шығарылған іс — әрекеттерге қызғанушылық пен жеккөрушілік.
**Күдік** – адамдарға деген сенімсіздік пен сақтықтан бастап, басқа адамдар жоспарлап, зиян келтіреді деген сенімге дейін.
**Кінәні сезіну**-субъектінің жаман адам екендігіне, зұлымдық жасайтынына, сондай-ақ ол сезінетін өкініштерге деген сенімін білдіреді.
Агрессивтілік жеке қасиет ретінде және агрессия мінез — құлық әрекеті ретінде бірдей емес екенін есте ұстаған жөн. Оларды тұлғаның бүкіл мотивациялық-қажеттілік саласын кешенді психологиялық талдау аясында ғана жеткілікті түрде түсінуге болады.

***4 «А» сынып оқушыларының қорытындысы:***
Кінәні сезінушілік агрессия - 10 оқушы,
жанама агрессия – 2 оқушы,
негативизм түрі -3 оқушы,
тітіркенушілік 3 оқушы,
өкпелегіштік-2 оқушы,
күдіктенушілік-2 оқушы,
вербальды агрессия-2 оқушы,
физикалық агрессия түрі -1 оқушыдан анықталды.

**4 «Г» сынып оқушыларының қорытындысы**:
Кінәні сезінушілік агрессия түрі 4 оқушы ,
жанама агрессия – 4 оқушы,
негативизм түрі -3 оқушы,
тітіркенушілік 2 оқушы,
өкпелегіштік-2 оқушы,
күдіктенушілік-1 оқушы,
вербальды агрессия-2 оқушы,
физикалық агрессия түрі -2 оқушыда және 1 оқушыда жоғарыда көрсетілген агрессия түрлерінің бірінде де анықталған жоқ

**Консультациялық бағыт бойынша** жеткіншектерге психологиялық кеңес, -жеткіншекке жадынама; -өз-өзіңді қорғаудың 8-тәсілі тақырыптары бойынша жаднамалар берілді.
Ата-аналарға психологиялық кеңес:
1.Адам қалай өзіне сенімді бола алады.
2.Депрессиядан қалай арылуға болады.
3.Жоғары сынып оқушыларын ҰБТ алдында дайындау жөнінде ұстаздарға ұсынылатын кеңестер .
4.Өзіңе сенімділік неден құралады (Луиза Хейдің кеңесі)
5.Күйзеліс кезіндегі психологиялық көмек.
Қолайлы отбасылық атмосфера құру үшін, психологиялық кеңес:
-«Балаларды қайырымды етіп тәрбиелеу үшін?»;
-«Балаларды маскүнемдіктен қалай қорғауға болады?»;

-«Баланы есірткіден қалай қорғауға болады?»;
-«Баланы шылым шегуден қалай қорғауға болады?»;
-«Жасөспірім жастар жайында ата-аналар не білу керек?».
Ата-аналарға кеңес:
-«Баланы қалай тәрбиелеу керек?»
Ата-аналарға арналған ҰБТ-ға дайындық жөніндегі ұсыныстар беру:
-«ҰБТ қарсаңында ата-аналар балаларына қалай қолдау көрсетуі тиіс?»;
-«Ата-аналарға ҰБТ-ға дайындық жөніндегі ұсыныстар»;
-«Суицидке кімдер бейім?»;
-«Жақындап келіп қалған суицидті қалай аңғаруға болады?»;
-«Депрессия»
Осы аталған тақырыптар бойынша үнемі кеңестер беріліп отырды.

**SWOT-талдау**

- КҮШТІ ЖАҚТАРЫ
- **Психологиялық қызметтің жүйеленген ережесі негізінде іске асырылуы;**
- **Білім алушылар психолог қызметін пайдалануда қызығушылық танытуы;**
- **Ата-аналардың психолог қызметіне қызығушылық танытуы;**
- МҮМКІНДІКТЕР
  - **Мектепте психологиялық қызметтің жүруіне бар жағдай жасалынған;**
- **Мектепте адамгершілік психологиялық ахуал жақсы жолға қойылған;**
- **Психолог көмегін қажет етушілерге барлық мүмкіндік жасалған;**
- ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ
- **Диагностикалау, түзете-дамыту жұмыстарын жүргізуде сабақтардан сұрап алу;**
- **Жоспарланған жұмыстың көптігі;**
- **Тұйық, өзін бағалауы төмен балаларды педагогикалық қолдаудың жетіспеуі;**
- ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР
- **Тұйық, ұяң, жабырқаңқы балалар қатты қысылып ішкі сырларын бөлісуден бас тартуы;**
- **Отбасында балаға жеткілікті көңіл бөлінбеу салдарынан баланың назардан тыс қалуы;**